

Қарапұдық кен орнында "Қарапұдық-мұнай" акционерлік қоғамымен өнімді бөлісу шартымен мұнайды барлау, игеру және өндіру жөнінде контракт жасау туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 11 маусым 1993 ж. N 498

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қарапұдық-мұнай" акционерлік қоғамы ұсынған "Қазақстанмұнайгаз" Ұлттық мұнай компаниясының, Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің, Маңғыстау облысы әкімінің қатысуымен әзірленген және республиканың мұдделі министрліктерімен және ведомстволарымен келісілген Маңғыстау облысының Қарапұдық кен орнында өнімді бөлісу шартымен (продакшн шеринг) мұнайды барлау, игеру және өндіру жөніндегі контрактінің жобасы макұлдансын.

2. Жасалған контрактіге сәйкес геологиялық зерделеу және Қарапұдық кен орны аумағында көмір сутегі шикізатын өндіру үшін жер қойнауы "Қарапұдық-мұнай" акционерлік қоғамына пайдалануға берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігінің қорытындыларын ескере отырып, контрактіге қол қою және "Қарапұдық-мұнай" акционерлік қоғамымен жасалған контрактінің іске асыру барысында республика мұддесін сақтауға бақылау жасауды қамтамасыз ету жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі